

**"Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті "Қазгеоақпарат"
Республикалық геологиялық ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесінің
азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 27 қарашадағы № 424 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 26 желтоқсанда № 8243 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1263 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2015 № 1263 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**
:

1. Қоса берілген «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті «Қазгеоақпарат» Республикалық геологиялық ақпарат орталығы» мемлекеттік мекемесінің азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне (А.А. Надырбаев) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Н.Е. Сауранбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің
о р ы н б а с а р ы - Қ а з а қ с т а н
Республикасының И н д у с т р и я ж ә н е
жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің

орынбасары — Қазақстан
Республикасы Индустрия және
жаңа технологиялар министрінің
2012 жылғы 27 қарашадағы
№ 424 бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті
«Қазгеоақпарат» Республикалық геологиялық ақпарат орталығы
мемлекеттік мекемесінің азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан
өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті «Қазгеоақпарат» Республикалық геологиялық ақпарат орталығы мемлекеттік мекемесінің қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті «Қазгеоақпарат» Республикалық геологиялық ақпарат орталығы мемлекеттік мекемесінің азаматтық қызметшілерін (бұдан әрі – «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшілері) аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшілерін аттестаттау іскерлік қасиеттерінің, кәсіптік және біліктілік даярлығының деңгейін айқындау мақсатымен жүзеге асырылады.

3. Аттестаттау кезінде негізгі бағалау өлшемі «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшілерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындау қабілеті болып табылады.

4. «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшілері мемлекеттік қызметте болған әрбір кезекті үш жыл өткен сайын, бірақ осы лауазымға орналасқан күнінен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мерзімде аттестаттаудан өтеді. Бұл ретте, аттестаттау аталған мерзім басталған күнінен бастап алты айдан аспайтын мерзімде өткізілуге тиіс.

Жүкті әйелдер аттестаттаудан өтпеуге тиіс.

Бала күтімі жөніндегі демалыста жүрген «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшілері қызметке шыққаннан кейін алты айдан кейін аттестаттаудан өтеді.

«Қазгеоакпарат» РГАО қызметшілерін олардың өтініші бойынша, белгіленген мерзімге дейін аттестаттаудан өткізуге болады.

5. Аттестаттау мынадай бірқатар дәйекті кезеңді қамтиды:

- 1) аттестаттауды өткізуге дайындық;
- 2) аттестаттау комиссиясының «Қазгеоакпарат» РГАО қызметшісімен әңгіме жүргізуі;
- 3) аттестаттау комиссиясының шешім шығаруы.

6. Аттестаттауды өткізуге дайындықты басшының тапсырмасы бойынша «Қазгеоакпарат» РГАО-ның кадр қызметі ұйымдастырады және ол мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) аттестаттаудан өтушіге қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттау өткізудің кестесін әзірлеу;
- 3) аттестаттау комиссияларының құрамын айқындау;
- 4) аттестаттауды өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы түсіндіру жұмыстары.

7. Кадр қызметі аттестаттаудан өтуге тиіс қызметшілерді алты ай ішінде бір рет айқындайды.

8. «Қазгеоакпарат» РГАО басшысы кадр қызметінің ұсынуымен бұйрық шығарады, сол бұйрықпен аттестаттаудан өтетін адамдардың тізімі, аттестаттауды өткізудің кестесі мен аттестаттау комиссияларының құрамы бекітіледі.

9. Кадр қызметі аттестаттауды өткізудің басталуына кемінде 1 (бір) ай қалғанда аттестаттаудан өткізілуге тиісті «Қазгеоакпарат» РГАО қызметшілерін, сондай-ақ олардың басшыларын аттестаттауды өткізу мерзімі туралы жазбаша хабардар етеді.

10. Аттестаттаудан өтуге тиіс қызметшінің тікелей басшысы оған мінездемені ресімдеп, оны аттестаттауды өткізуден 15 (он бес) жұмыс күні бұрын кадр қызметіне жолдайды.

Мінездемеде аттестаттаудан өтетін қызметшінің кәсіби, жеке басының қасиеттері мен қызметтік іс-әрекеті нәтижелерінің негізделген, шынайы бағасы қамтылуға тиіс.

11. Кадр қызметі аттестаттау комиссиясының отырысына дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын «Қазгеоакпарат» РГАО қызметшісін оған берілген мінездемемен таныстырады.

12. Аттестаттаудан өтетін «Қазгеоакпарат» РГАО қызметшісіне кадр қызметі осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қызметшіге арналған аттестаттау парағын ресімдейді.

13. Кадр қызметі жиналған аттестаттау материалдарын (аттестаттау парағы, бағалау парағы, қызметтік мінездеме, қызмет тізімі) аттестаттау комиссиясының

отырысына дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын аттестаттау комиссиясына жолдайды .

2. Аттестаттау комиссиясы

14. Аттестаттау комиссиясы кадр қызметінің ұсынысы бойынша, «Қазгеоақпарат» РГАО басшысының бұйрығының негізінде құрылады.

Аттестаттау комиссиясын төраға басқарады, ол оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарда төраға болады, оның жұмысын жоспарлайды, комиссияның қызметіне және оның қабылданатын шешімдеріне жалпы бақылауды жүзеге асырады .

15. Аттестаттау комиссиясының хатшысы кадр қызметінің қызметкері болып табылады .

Аттестаттау комиссиясының хатшысы комиссия отырысына тиісті материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды және комиссия отырысы өткеннен кейін хаттама ресімдейді. Хатшы техникалық қызмет көрсетеді, аттестаттау комиссиясының қызметін қамтамасыз етеді.

16. Аттестаттау комиссиясының мүшелері аттестаттаудан жалпы негізде өтеді .

17. Құрамының кемінде үштен екісі қатысқан аттестаттау комиссиясының отырысы заңды деп есептеледі.

3. Аттестаттауды өткізу тәртібі

18. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестаттаудан өтетін қызметшінің қатысуымен өткізеді.

Аттестаттаудан өтетін қызметші комиссияның отырысына қатыспаған жағдайда, оны аттестаттау мәселесін қарау комиссия көрсеткен анағұрлым кейін мерзімге ауыстырылады .

19. Отырыс барысында комиссия ұсынылған материалдарды зерттейді және аттестаттаудан өтетін адамды тыңдайды.

Ұсынылған материалдарды зерттеу және «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшісімен әңгімелесу нәтижесінде аттестаттау комиссиясының мүшелері

1) оның кәсіптік даярлығының, іскерлік және жеке қасиеттерінің деңгейін, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Мұнай туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын білуін айқындайды.

2) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қызметшіге арналған бағалау парағын толтырады;

- 3) мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:
атқаратын қызметіне лайықты;
қайталап аттестаттауға жатады.

20. Қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау өткен күннен бастап алты ай өткеннен кейін осы Қағиданың 6-тармағында айқындалған тәртіппен өтеді. Қайта аттестаттауды өткізген аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын қызметіне лайықты;
2) атқаратын қызметіне лайықты емес.

21. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс беру нәтижелері қатысып отырған комиссия мүшелерінің берген дауыстарының көпшілігімен анықталады. Берілген дауыстар тең болған жағдайда аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

22. Аттестаттау комиссиясының шешімдері, оның мәжілісіне қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелері, хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

23. Кадр қызметі 5 (бес) жұмыс күні ішінде «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшісін аттестаттау комиссиясының шешімімен таныстырады.

24. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің хаттаманы ресімдеген және қол қойған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аттестаттау комиссиясының шешімдері «Қазгеоақпарат» РГАО басшысының бұйрығымен бекітіледі.

25. Аттестаттау комиссиясында қаралатын барлық материалдар «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшісінің жеке ісінде сақталады. Аттестаттау комиссиясының «Қазгеоақпарат» РГАО басшысы бекіткен шешімі де қызметшінің қызмет тізіміне енгізіледі.

4. Қорытынды ережелер

26. «Қазгеоақпарат» РГАО қызметшілері аттестаттау комиссиясының шешімін бекіту туралы «Қазгеоақпарат» РГАО басшысының бұйрығына шағымдана алады.

27. Осы Қағиданы бұзу жағдайлары анықталған жағдайда, «Қазгеоақпарат» РГАО басшысы аттестаттау комиссиясының шешімін бекіту туралы бұйрығының күшін жояды және қайта аттестаттауды белгілейді.

Қайта аттестаттау осы Қағиданың 20-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а

т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р л і г і

Г е о л о г и я ж ә н е ж а ң а ж е р қ о й н а у ы н

п а й д а л а н у к о м и т е т і
«Қазгеоақпарат» Республикалық
геологиялық ақпарат орталығы
мемлекеттік мекемесінің
азаматтық қызметшілерін
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына 1-қосымша

Азаматтық қызметшінің аттестаттау парағы

Аттестаттау түрі: кезекті - |____|; қайталап - |____|
(керектісін Х белгісімен белгілеу керек)
1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

2. Туған күні _____ жылғы «__» _____
3. Білімі, біліктілігін арттыру, қайта даярлау жөніндегі
мәліметтер (қашан және қандай оқу орнын тәмамдаған, білімі бойынша
мамандығы, біліктілігін арттыру, қайта даярлау, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы, берілген күні туралы құжаттар)

4. Атқаратын лауазымы және тағайындалған күні, біліктілік санаты (дәрежесі
)

5. Жалпы еңбек өтілі - _____

6. Мемлекеттік және азаматтық лауазымдардағы жалпы жұмыс өтілі

7. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің айтқан ескертулері мен ұсыныстары:

8. Аттестаттаудан өтетін қызметшінің ой-пікірі

9. Аттестаттаудан өтетін қызметшінің қызметтік мінездемесі
бойынша азаматтық қызметшінің қызметіне тікелей басшысының берген бағасы

Азаматтық қызметшінің бағалау парағы
(аттестаттау комиссиясының мүшесі толтырады)

Аттестаттау түрі: кезекті - ____; қайталап өту - ____
(керектісін Х белгісімен белгілеу керек)
Тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) (әрі қарай - Т.А.Ә.)

Л а у а з ы м ы

Аттестаттаудан өтетін қызметшінің бағасы

(өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанғысыз)

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің шешімі (төмендегінің бірі:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес;
- 2) қайталап аттестаттауға жатады*;
- 3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді):

Аттестаттау комиссиясы мүшелері шешімінің негіздемесі:

Біліктілік санатына (дәрежесіне) лайықты _____

Біліктілік санатын (дәрежесін) белгілеуге негіз жоқ

Негіздеме: _____

Аттестаттау комиссиясының мүшесі

(Т . А . Ә . , қ о л ы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

* қайталап аттестаттаудан өту кезінде шығарылмайды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК